

жемкорлыққа қарсы комплаенс жүзеге асыратын ұйым қызметкерлерінің құрамынан құрылады.

9. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Байғанин ауданының білім бөліміне есеп береді.

10. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметі қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі олардың лауазымдық нұсқаулықтарында не қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын өзге де құжаттарда айқындалған.

11. Сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне мынадай функцияларды жүктеу ұсынылады:

- 1) Балабақша сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 2) сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
- 3) сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемкорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- 4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу бойынша шаралар қабылдау;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Балабақша жұмыскерлерінің сыбайлас жемкорлыққа қарсы шектеулерді орындау тұрғысынан мониторинг жүргізу;
- 6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;
- 7) Балабақша жұмыскерлерінің сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін (болған жағдайда) сақтауларын бақылау;
- 8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;
- 9) сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жариялауды қамтамасыз ету;
- 10) сыбайлас жемкорлық және/немесе оған қатысу фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу;
- 11) Балабақшаның қызметіндегі сыбайлас жемкорлық тәуекелдерін төмендету бойынша жұмысты үйлестіру;
- 12) Балабақша қызметіндегі сыбайлас жемкорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемкорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;
- 13) сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемкорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерді мониторингтеу және талдау;
- 14) Балабақшамен жасалатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемкорлыққа қарсы заңнама, іскерлік этика және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаларын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

12. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыбайлас жемкорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқықтар мен міндеттерді беру ұсынылады:

- 1) ұйымның ішкі құжаттарында регламенттелген, бекітілген рәсімдер шеңберінде Балабақшаның құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпарат пен материалдарды сұрату және алу;